

Жабық ақпаратты жария қылмау туралы пайдаланушы растауы және келісімі

1.0 Осы Жабық ақпаратты жария қылмау туралы пайдаланушы растауы және келісіміне қатысты алғанда:

1.1 «Теңізшевройл» мағынасы: ТШО, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес қызмет атқарады

1.2 «Теңізшевройлдың жабық ақпараты» мағынасы: Теңізшевройлға тиесілі кез-келген жабық ақпарат немесе пайдаланушының қатынас рұқсаты болуы мүмкін Теңізшевройл жүйесіне жататын кез-келген ақпаратпен қоса өзге де компанияның техникалық немесе коммерциялық ақпараты, мәліметтер, идеялар немесе материалдар және пайдаланушының Теңізшевройл жүйесін пайдалануымен (соның ішінде кез-келген паролдер мен жеке сәйкестендіру нөмірлері немесе өзге де пайдаланушыны куәлөндіру формалары **«Пайдаланушы аты(тары)»**) байланысты, және пайдаланушы Теңізшевройлдағы жұмысы кезінде түзген кез-келген ақпарат.

1.3 **«Пайдаланушы»** немесе **«Пайдаланушылар»** мағынасы: «Теңізшевройлдың» және өзге де қуатталған пайдаланушылардың қызметі мен операцияларына және төменде қол қойған тұлғалардың атқаратын жұмысына байланысты «Теңізшевройлдың» интеллектуалдық мүлкіне, «Теңізшевройлдың» жабық ақпаратына және «Теңізшевройл» иелігіндегі немесе басқаруындағы жүйеге қатынас рұқсаты берілген немесе қатынас рұқсаты болуы мүмкін кез-келген жеке немесе заңды тұлға.

2.0 Жалпы ақпарат. Осы Келісімге сәйкес, Пайдаланушы келесіні қабылдап, келіседі:

2.1 Пайдаланушыға SEOI Пайдаланушысы аты мен төменде көрсетілгендей «Теңізшевройл» жүйесіне қатынас рұқсаты беріледі:

(a) SEOI

2.2 Пайдаланушы идентификаторы мен берілген рұқсат төменде **«Мақсатта»** сипатталған мақсатта ғана қолданылады:

(b) ТШО-мен жұмыс жасауға қызығушылығы бар жабдықтаушының «Теңізшевройл» жүйесінде (әрі қарай - SEOI) өзін қызығушылығын білдіруі

2.3 Жоғарыда айтылғандарға сәйкес ағымдағы Пайдаланушы:

а. «Мақсат» немесе «Теңізшевройлдың» өзгелей талаптары үшін қажетті жағдайларда болмаса, SEOI жүйесін немесе ондағы ақпаратты немесе мәліметтерді пайдаланушы өз қажеттілігіне немесе кез-келген өзге мақсатта пайдаланбайды не енбейді.

- b. Пайдаланушыға берілген Пайдаланушы аты Пайдаланушының «Мақсатқа» сәйкес қолданысына ғана арналғанын, кез-келген өзге жеке не заңды тұлғамен бөлісуге, немесе қолданыс үшін беруге болмайтындығын, «Теңізшевройл» кез-келген уақытта өз қарауынша кері қайтарып алуға, ал пайдаланушы атын жоюға құқылы екендігін түсінеді;
- c. Осы 2-тармақта Пайдаланушыға берілген «Теңізшевройл» жүйесіне қатынас рұқсаты өздігінен «Теңізшевройл» жүйесіне қатынас рұқсаты болып табылмайтындығын және Пайдаланушы осы Келісімде жеке рұқсат берілген ақпарат және/немесе мәліметтерден өзге «Теңізшевройл» Желісі (лері) «Теңізшевройл» жүйесіндегі ақпаратқа және/немесе мәліметтерге «Теңізшевройлдың» жазбаша рұқсатынсыз енбейтіндігін растайды;
- d. «Теңізшевройл» рұқсат еткен жағдайларда болмаса, «Теңізшевройл» жүйесінен үшінші тараптың кез-келген жүйесіне қатынаспайды, қатынауға тырыспайды;
- e. «Теңізшевройл» рұқсат еткен жағдайларда болмаса, «Теңізшевройл» жүйесіне үшінші тараптың кез-келген жүйесінен қатынаспайды, қатынауға тырыспайды;
- f. «Теңізшевройл» жүйелері немесе желілеріне рұқсатсыз қатынауға немесе «Теңізшевройл» жүйелері не желілеріне зиянкес кодтау жүйелерін (вирустар, айналма жолдар, «троя аты», құрт-вирустар, т.б.) әдейі орнатуға тырыспайды, және
- g. «Теңізшевройл» жүйесіне «Теңізшевройл» иелігінен тыс орналасқан Пайдаланушы жүйелерінен қатынауды тек қуатталған пайдаланушылармен шектейді.

3.0 Ақпаратты жария қылмау. «Теңізшевройл» рұқсат берген жағдайларда болмаса, Пайдаланушы «Теңізшевройлдың» жабық ақпаратын құпия ұстайды әрі ешкімге жария қылмайды, және бұндай жабық ақпаратты «Мақсатқа» байланысты ғана пайдаланады. Барлық ақпарат, мәліметтер мен құжаттама, соның ішінде Пайдаланушы «Теңізшевройлдан» алатын не Пайдаланушы «Теңізшевройлға» жұмысы барысында түзетін «Теңізшевройлдың» жабық ақпаратын қоса, және барлық құқықтар, атаулар мен ондағы үлестер (патент құқығы мен авторлық құқықты қоса) «Теңізшевройлдың» меншігі болып табылады және қала береді. Пайдаланушыға «Теңізшевройл» жүйесіне (леріне) қатынас рұқсаты берілген «Мақсатты» орындау үшін қажет жағдайда болмаса, кез-келген бұндай ақпаратты, мәліметтерді не құжатты көшіруге Пайдаланушының құқығы жоқ. Сұралған жағдайда Пайдаланушы «Мақсатты» орындау бойынша қызметтерін аяқтаған соң бұндай ақпараттың, мәліметтердің не құжаттаманың өзінде бар барлық көшірмелерін Пайдаланушы «Теңізшевройлға» қайтарады. Пайдаланушы осы құпиялық талаптарын кез-келген бұндай ақпарат, мәліметтер және/не құжаттамаға қатынас рұқсаты бар кез-келген жұмыскеріне қояды. Пайдаланушының осы келісім бойынша

міндеттемелері оның қызметкерлері, орнын басушылары және құқықтық мирасқоларының барлығына таралады.

3.1. Жабық ақпаратқа жатпайтындар. Жабық ақпарат қатарына жатпайтын деректер:

- а. Пайдаланушы, оның басшылары, қызметкерлері, агенттері, сенімді өкілдері, бухгалтерлері, қаржы кеңесшілері, консультанттары, тәуелді тұлғалары, иелері, акционерлері, БК қатысушылары немесе серіктестерін (бірге аталуы **«Пайдаланушы өкілдері»**) қоса және өзгелерінің жария қылуы нәтижесінде емес, басқа жағдайларда заңды жолмен жарияланған не көпшілік қолданысқа берілген ақпарат; немесе
- б. Жабық ақпаратты ұсынушы тараптан өзге көзден ашық негізде жарияланған не көпшілік қолданысқа берілген ақпарат; бұл ретте бұндай ақпарат көзінің бұрынырақ жасалған құпиялық туралы келісіммен байлаулы болмайы және бұндай жабық ақпаратқа оны құпия сақтауға міндеттейтін жағдайларда өзгелей иелік етпеген болуы шарт; немесе
- с. «Мақсатқа» байланысты тапсырылғанға дейін Пайдаланушының иелігінде, жауапты сақтауында немесе бақылауында болған ақпарат; бұл ретте бұндай ақпарат көзі осы келісімнің 3-ші Бөлімінде көрсетілгендей бұндай ақпаратты құпия сақтау туралы келісіммен қандай да бір түрде шектелмеген не міндеттелмеген болуы шарт.

3.2 Сақталмағанда қолданылатын құқықтық қорғаныс құралдары. «Теңізшевройл» осы талаптың бұзылуының алдын-алу не бұзылу салдарын түзету мақсатында сотпен тыйым салу мен әділеттік құқығы негізінде сотпен қорғанудың өзге құралдарына жүгінуге құқылы.

4.0 Бағдарламалық құрал. Пайдаланушы «Мақсатқа» байланысты жұмысы барысында «Теңізшевройлға» лицензия негізінде берілген үшінші тараптың бағдарламалық құралын және/немесе «Теңізшевройлдың» өзіндік бағдарламалық құралдарын (әрі қарай бірге аталуы – **«Бағдарламалық құрал»**) қолдануды немесе қатынауды қажет етуі мүмкін. Пайдаланушы:

- а. Бағдарламалық құралды «Мақсатқа» байланысты Пайдаланушы жұмысын орындау үшін ғана пайдаланады;
- б. Рұқсат берілген резервтік көшірмелері болмаса, Бағдарламалық құралды көшірмейді;
- с. Бағдарламалық құралға (бұндай бағдарламалық құралдың «Теңізшевройлдың» өзінікі не лицензиямен берілгендігіне қарамастан) жоғарыда 3 – ші Бөлімде белгіленген міндеттемелер тарайтын «Теңізшевройлдың» жабық ақпараты ретінде қарайды және кез-келген үшінші тарапқа жария қылмайды немесе уақытша қолданысқа бермейді;
- д. Пайдаланушы «Мақсатқа» байланысты жұмыстарын аяқтаған соң Бағдарламалық құралды «Теңізшевройлға» қайтарады және қатысты жағдайларда «Теңізшевройлдың» үшінші тараптармен лицензиялық келісімдерін сақтайды.

5.0 Ақыл-ой меншігі туралы заңнама және өзге шектеулер. Пайдаланушы осы Келісімде белгіленген барлық шектеулерді, сондай-ақ, Пайдаланушының «Мақсатқа» байланысты жұмысы мен «Теңізшевройл» Жүйелері мен Желілеріне қатынас рұқсатына қатысты қолданылатын барлық авторлық құқық пен ақыл-ой меншігі саласындағы заңнаманы сақтайды.

Заңсыз пайдалану немесе иемденудің құқықтық салдары. Пайдаланушы «Теңізшевройл» Жүйесін, және/немесе Жабық ақпаратын, және/немесе Пайдаланушы «Мақсатқа» байланысты алған ақпарат не мәліметтерді заңсыз пайдаланса не иемденсе, Пайдаланушы, оның қызметкерлері мен агенттерін қатаң азаматтық – құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілік шараларына тарту мүмкіндігін мойындайды.

7.0 Мониторинг. «Теңізшевройл» жүйесі тек өкілетті Пайдаланушылармен қолдануға арналған. «Теңізшевройл» Жүйесін қолданушы әрбір Пайдаланушы Өкілі бұндай пайдалану арқылы «Теңізшевройл» жүйелерінде түзілген, алынған немесе сақталатын кез-келген ақпаратты бақылауға, қатынауға, пайдалануға және жария қылуға «Теңізшевройлдың» құқылы екен растайды және келіседі, және де бұндай тұлғаның Жүйені пайдалануына байланысты жеке өміріне қол сұқпауға қатысты қандай да бір құқығынан немесе талабынан бас тартады. Аталған Жүйлер мен Желілерді рұқсатсыз және/немесе заңсыз пайдалануға жол берілмейді және бұл компания қағидаларында белгіленген. Теңізшевройл бұндай Пайдаланушыларға қатысты ресми шаралар қабылдауға құқылы.

8.0 Қызметкерлер/Агенттер. Пайдаланушы осы Келісімнің барлық бөліктерін сақтайды, және Пайдаланушы қызметкерлері мен агенттерінің сақтауына жауапты. Пайдаланушы кез-келген қызметкері не агентінің «Теңізшевройл» жүйесіне қатнас рұқсаты берілгенге дейін жоғарыда айтылған шарттарды сақтауға міндеттеуді қамтамасыз етеді. Пайдаланушы бұндай кез-келген агент немесе қызметкердің жұмыстан босатылуы туралы «Теңізшевройлға» дереу хабарлайды. Пайдаланушының кез-келген агенті немесе қызметкері осы Келісімнің кез-келген ережесін бұзған жағдайда, Пайдаланушы өз қызметкеріне немесе агентіне түзілген «Теңізшевройл» барлық есеп жазбаларды пәрменнен айырады.

9.0 Қолданылатын құқық. Осы Келісім, Англия заңнамасына сәйкес дайындалған және түсінуге жатады әрі осы ретте таңдалған құқықтық нормалар ескерілмейді, тиісті юрисдикцияға Лондон қаласының соты ғана ие.

10.0 Өзгеге табыстау. «Теңізшевройлдың» жазбаша тура келісімінсіз осы Келісім шеңберіндегі міндеттемелерін Пайдаланушының Үшінші тараптарға табыстауына жол берілмейді. Осы Келісімге қатысты алғанда Үшінші тараптар Пайдаланушыға Тәуелді тұлға немесе Пайдаланушының және оған Тәуелді тұлғаның қызметкері болып табылмайтын кез-келген жеке не заңды тұлғаны білдіреді.

11.0 SEOI Пайдаланушыларына қатысты қолданылатын ережелер. Егер Пайдаланушыға Пайдаланушы аты (тары) тағайындалып, SEOI жүйесіне қатынас рұқсаты берілсе, келесі ережелер қолданылады:

11.1 Пайдаланушы келісімі. «Теңізшевройлмен» жұмыс жасауға қызығушылығын «Теңізшевройл» жүйесінде білдіру мүкіндігін қарастыру кезінде Пайдаланушы «Мен барлық шарттар мен талаптарды қабылдаймын» пернесін басу арқылы «Теңізшевройл» ЖШС-ның («ТШО») келесі шарттары және талаптарымен келіседі:

- (i) **Жабдықтаушы қызығушылығын таныту (өрі қарай "SEOI").**
«Теңізшевройл» қатнас рұқсатын берген SEOI тапсырмасы бұрын, Пайдаланушы шарттар мен талаптарды алып, танысып, түсініп, келіседі.
- (ii) **SEOI уәб формасы.** Пайдаланушы ТШО сыртқы уәб сайтындағы SEOI уәб бағдарламасы арқылы тапсырылған кез-келген SEOI уәб формасы заңды күшке ие және Пайдаланушыға міндеттеме жүктейтінін растайды. Пайдаланушы ТШО сыртқы уәб сайтындағы SEOI уәб бағдарламасы арқылы тапсырылған кез-келген SEOI уәб формасы «Теңізшевройл» қабыл алып не алмағанға дейін өзгертуге жатпайтынымен келіседі. Пайдаланушы SEOI уәб формасы және/немесе уәб формасына өзгертулерді ТШО сыртқы уәб сайтындағы SEOI уәб бағдарламасы арқылы ғана енгізуге және «Теңізшевройлдың» сол туралы жазбаша өтінішінсіз SEOI уәб формасын және/немесе уәб формасына өзгертулерді кез-келген өзге бағдарлама арқылы тапсырмауға келіседі. Пайдаланушы «Теңізшевройлдың» тапсырылған SEOI уәб формасын қабылдау не қабылдамау, немесе өз қарауымен кез келген уақытта, себептің болу-болмауын немесе хабарлама берілу-берілмеуін ескерместен, кез-келген SEOI уәб формасын жойып не кейінге қалдыруға толық құқығы барын түсінеді.
- (iii) **Жеке мәліметтерді қорғау туралы хабарлама.** «Теңізшевройл» қатынас рұқсатын берген SEOI тапсырмасы бұрын, Пайдаланушы ТШО лауазымды тұлғасының Пайдаланушы тапсырған SEOI уәб формасын қабылдау мақсатында пайдаланылатын жеке мәліметтерді өңдеу туралы шарттарды алып, танысып, түсініп, келіседі. Тапсырылған жеке мәліметтер жабдықтаушы мүмкіндіктерін тексеру мақсатында ТШО ішіндегі тиісті бөлімдерге жіберілетіндігін ескеріңіз. Тапсырылған жеке мәліметтерді тексеріп, түзету үшін ТШО SEOI тобымен байланысуды сұраймыз. Пайдаланушы жеке мәліметтерді келтірмеуге құқылы; бұндай жағдайда ТШО Пайдаланушы SEOI уәб формасын қабылдамау құқығын сақтайды.
- (iv) **Жалпы ақпарат.** SEOI уәб формасын тапсыруға қойылатын талаптар қосымшадағы SEOI нұсқамаларында толық баяндалған. Пайдаланушы SEOI

уэб формасын тапсыруды шешкен жағдайда, SEOI уэб формасы және/не оған өзгертулерді тапсырумен байланысты барлық шығындар (құжаттарды дайындауға қатысты барлық шығындарды қоса) Пайдаланушы есебіне жатады және ТШО-ға қандай да бір кінәрет қойылмайды. ТШО SEOI уэб бағдарламасының және SEOI уэб формасының кез-келген бөлігін үстеу, өшіру, өзгерту не толықтыру құқығын сақтайды, және қажет жағдайда бұндай өзгерістердің барлығы Пайдаланушыларға таралады. Сондай-ақ ТШО пайдаланушы(лар) тапсырған SEOI уэб формасын қабылдамау және /немесе SEOI уэб формасының кез-келгенін не барлығын қандай да бір себеппен, ешқандай себеп келтірместен және ТШО үшін келешек міндеттемелерсіз қабылдаудан бас тартуды шешуге құқылы.

12.0 Заңды күшін сақтау. Осы Пайдаланушы Келісімінің шарттары мен талаптары ТШО жүйесіндегі SEOI уэб бағдарламасы әрекеті тоқтаған және орындау аяқталған соң да заңды күшін сақтайды.

Жабық ақпаратты жария қылмау туралы пайдаланушы растауы және келісімінің соңы